

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 57 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 7 наурызда N 14-3-54 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 25 маусымдағы № 234 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 25.06.2013 № 234 қаулысымен.

" Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған".

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-2 тармағына сәйкес және мүгедектердің тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасау мақсатында, Кентау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншіктің барлық түріндегі ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар жұмыс орындарының жалпы санының 3 пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Б. Ә л и м б е т о в к е жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ж. Турабаев